# Сыр бойы

№108 (20382)

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет • 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

21 шілде, бейсенбі 2022 жыл

e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz


РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ


ЖОЛ ҮСТІНДЕ ЖОМАРТ ОТЫРАР 4


САПАР

## ПРЕЗИДЕНТ ШОЛПАН-АТАҒА БАРДЫ



**Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Орталық Азия мемлекеттері басшыларының 21 шілдеде өтетін IV Консультативтік кездесуіне қатысу үшін Шолпан-Ата қаласына (Қырғызстан) барды.**

Мемлекет басшысын әуежайдан Қырғыз Республикасы Министрлер Кабинетінің төрағасы – Президент Әкімшілігінің басшысы Ақылбек Жапаров, Қырғыз Республикасы Транспорт министрі Эркинбек Осоев, Қырғыз Республикасы Сыртқы істер министрінің бірінші орынбасары Нуран Ниязалиев қарсы алды.

Президент баспасөз қызметінің мәліметінше, жиында Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Түрікменстан, Өзбекстан көшбасшылары әлемдегі қазіргі геосаяси және экономикалық ахуалға байланысты өңірлік интеграцияның перспективаларын қарастырмақ.

Саммит қорытындысы бойынша бірнеше құжатқа қол қойылады деп жоспарланған.

Шолпан-Ата қаласында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың, Қырғызстан Президенті Садыр Жапаровтың және Өзбекстан Президенті Шавкат Мирзиёевтің бейресми кездесуі өтті. Президент баспасөз қызметінің мәліметінше, мемлекеттер басшылары Ыстықкөлде теплоходпен серуендеу барысында елдер арасындағы өзара қарым-қатынастардың қазіргі жағдайы мен даму перспективаларын талқылап, өңірлік күн тәртібіндегі бірқатар мәселе жөнінде пікір алмасты.

ҚАБЫЛДАУ

## Тұрғындардың әрбір мәселесіне ұдайы мән беріледі

**Кеше облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев кезектілікке сай бірқатар азаматтарды жеке мәселелері бойынша қабылдады. Бұл туралы облыс басшысы әлеуметтік желідегі парақшасында мәлімдеді.**

– Айта кетейін, осы уақытқа дейін 13 жеке қабылдау өткізіп, 100-ден астам азаматтың мәселесін сала мамандарымен бірге қарап, тиісті тапсырмалар бердім, – деді облыс әкімі.

Аймақ басшысы атап өткендей, басқосулар аясында жерлестер тарапынан қала және аудандарда 65-ке жуық шешуді қажет ететін негізгі проблемалық мәселе көтерілген.


2-бет


ҚҰНДЫ ҚАҒАЗДАР НАРЫҒЫ



## Доллар «тыпыршып» тұр

**Кеше доллардың ресми бағамы 480,36 теңге, Ресей рублі 8,69 теңге болды. Теңгенің АҚШ долларына шаққандағы бағамы төмендеп, әзірге сатылым тек тереңдей түсуде. Ұлттық валютаның мұндай динамикасы билік органдарына фискалдық мәселелерді реттеуге ыңғайлы болуы мүмкін. Бірақ халықтың төлем қабілеттілігі үшін жағымсыз жаңалық.**

Биболат СӘТЖАН, «Сыр бойы»


2-бет


АЛҚА

## ОБЛЫС ЭКОНОМИКАСЫНДА ӨСІМ БАР

### әйтсе де шиқарататын шаруа аз емес

**Сейсенбіде облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың төрағалығымен алқа отырысы өтті. Күн тәртібінде екі негізгі және қосымша үш мәселе қаралды. Негізгі мәселеде I жартыжылдықтағы аймақтың негізгі әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштерінің жүзеге асуы, бюджет қаржысының игерілуі және инвестиция көрсеткішінің орындалуы мен индустриялық аймақтардың жай-күйі сөз болды.**

Айнұр БАТТАЛОВА, «Сыр бойы»

Аймақ басшысы өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуында ілгерілеудің барын айтып, көрсеткішті жыл аяғына дейін ұстап тұруды және орташа республикалық деңгейден жоғары болу қажеттігін қаперге салды.

Бірінші мәселе жөнінде облыстық экономика және қаржы басқармасының басшысы Нұрғали Қордабай баяндама жасап, негізгі көрсеткіштерді саралады.

Оның айтуынша, алғашқы жартыжылдықта негізгі макроэкономикалық көрсеткіштер бойынша оң өсім қалыптасып, облыс республика өңірлері арасында 2-орынды иеленді. Есепті кезеңде өңдеу өнеркәсібі 5,8 процентке, ауыл шаруашылығы өнімі 1,5, сауда айналымы 1,8, құрылыс жұмыстары 27,4, пайдалануға берілген тұрғын үйлер көлемі 4,9 процентке артса, инвестициялар тарту 17,1, оның ішінде жеке инвестициялар 6,2 процентке ұлғайған. Маусым айында тұтыну бағалары индексі облыста 110,1 процент болып, республикалық орташа көрсеткіштен 0,4 процентке төмен қалыптасты (ҚР – 110,5%). Ал өңдеу өнеркәсібінде 107,9 млрд теңгенің өнімі өндіріліп, өсім 5,8%-ті құраған.

Десе де, өндірістің артуымен қатар, өңдеу өнеркәсібінің кейбір салаларында өндіріс көлемінің төмендеуі орын алған. Атап айтқанда, мұнай өнімдерін өндіру көлемі 8,2%-ке төмендеген.

– Кен орнының табиғи ресурстарының азаюына байланысты «ҚазГермұнай» кәсіпорны тауарлық құрғақ газ өндіру көлемін 74,9 млн текше метрге, сұйытылған көмірсутек газы өндірісінің көлемін 11,1 мың тоннаға азайтқан. Сондай-ақ, химия өнеркәсібі өнімдері 11,3 процентке төмендеген. Оның себебі «Вега Пром» серіктестігінің кафель жабыстыратын желім өндірісінің 85 процентке немесе 795 тоннаға азаюы. Машина жасау саласында өндіріс көлемі 18,2%-ке азайған. Себебі, сұйықтықты айдауға арналған насос шығаратын «Новомед Казахстан» серіктестігі тапсырыс көлемінің төмен болуынан өндірісті төмендеткен. Өңір экономикасын әртараптандыруда шикізаттық емес секторды дамыту маңызды. Себебі, өңірдің перспективті дамуы осы өңдеу саласына байланысты, – деді басқарма басшысы.

Осы орайда ол ағымдағы экономикалық жағдайда ішкі нарықты отандық тауарлармен толтырумен қатар импорт алмастыру мәселесіне мән беру қажеттігін атады.

– Ол үшін, біріншіден, индустрияландыру бағдарламасының аясында жүзеге асырылған 35 жобаның толық қуаттылыққа шығу жұмыстарын үйлестіру қажет. Бұл жобалар арқылы бүгінде 22 млрд теңгенің өнімі өндірілген, ал бұл – жалпы өңдеу өнеркәсібінде өндірілген өнімнің 20 проценті ғана. Екіншіден – өңдеу саласында тұрақты жұмыс істеп тұрған кәсіпорындардың жұмысына мониторингті күшейту қажет. Себебі, саланың негізін қалап отырған бұл кәсіпорындарда шикізат жетіспеуі, дайын өнімді сатуда кедергілер, инфрақұрылымның ескіруінен өндіріс тоқтауы сияқты проблемалар туындауы мүмкін. Тұрақты мониторинг өндіріс көлемінің төмендеуі, тоқтауы сияқты факторларды алдын алуға мүмкіндік береді. Үшіншіден – индустрияландыру картасына енгізуге ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігіне ұсынылатын жобаларды іріктеу барысында басымдықты облыста мүлдем өндірілмейтін немесе ішінара өндірілетін, тұрақты сұранысқа ие тауар түрлеріне беру керек. Облыстың тамақ өнеркәсібінде ірі өндірістер қажет. Мәселен, қант қызылшасын егу арқылы қант өндірісін дамыту, – деп нақтылады Н.Қордабай.

Жуырда өткен Үкіметтің кеңейтілген отырысында Мемлекет басшысы ел экономикасын дамытуда жаңа жұмыс орындарының ашылуы, инфляцияның тұрақтануы, ең бастысы, азаматтардың табысын арттыру негізгі факторлар екенін атап өткен болатын. Осы ретте жыл басынан бері, яғни, 5 қаңтар мен 12 шілде аралығында әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының баға индексі облыста – 118 процентті, республикада – 117,6 процентті құраған. Осы кезең ішінде бірінші сортты ұн бағасы 22 процентке, картоп 26,4, сәбіз 36, қант 67,5 процентке қымбаттаса, жуа 2,7 есеге көтерілген.

Жартыжылдықтың қорытындысы бойынша барлық аудандар мен Қызылорда қаласында экономикалық өсу тенденциясы қамтылды.

Мәселен, 7 негізгі экономикалық көрсеткіштің тек 3-уі (өнеркәсіп, өңдеу секторы және құрылыс жұмыстары) бойынша ғана Қызылорда қаласы, Қармақшы және Сырдария аудандарында төмен көрсеткіш байқалуда.

– Облыс өнеркәсібінің 73 процентін алып отырған Қызылорда қаласында өнеркәсіп өнім көлемі 9,4 процентке төмендеді. Оның басты себебі – мұнай өндіру көлемінің төмендеуі. Өйткені мұнай компанияларының басым көпшілігі Қызылорда қаласында тіркелген. Қызылорда қаласы бойынша төмендеген келесі көрсеткіш бұл – өңдеуші өнеркәсіп. Есепті кезеңде оның көлемі 5,4 процентке төмендеген. Дегенмен, өткен мамыр айына қарағанда өңдеу өнеркәсібінде 82,9 проценттен 94,6 процентке дейінгі өсім болған. Өңдеу өнеркәсібінің төмендеу тенденциясы Қармақшы ауданында орын алып отыр. Тамақ өнеркәсібінің 7,8 процентке, пластмасс бұйымдарының 3,5 процентке, жиһаз бұйымдарының 5,1 процентке төмендеуі салдарынан өңдеу өнеркәсібі 7,1, ал жалпы өнеркәсіп 5,1 процентке төмендеген. Ал Сырдария ауданында есепті кезеңде құрылыс жұмыстарының көлемі 8,6 процентке төмендеп кеткен. Оның басты себебі – былтыр аудан аумағында мұнай-кен орындары жұмысшылары үшін 250 вахталық қалашық құрылысы жүзеге асырылған, – деп атап айтты басқарма басшысы.

Биылға нақтыланған облыс бюджетінің өз кірістерінің көлемі 74 млрд теңгені құраған. Бұл былтырмен салыстырғанда 19,5 процентке артық. Оның ішінде салықтық түсімдер 60,2 млрд теңгені, салықтық емес түсімдер 3,7 млрд теңге, негізгі капиталды сатудан түскен түсімдер 10,1 млрд теңгені құрады. Ал бюджет шығысы жыл басынан бері нақтылау нәтижесінде облыс бюджеті бекітілген 387,3 млрд теңгеден 432,6 млрд теңгеге дейін артқан.

Бюджеттің игерілуіне келсек, биылғы алғашқы жартыжылдықтың қорытындысы бойынша облыс бюджетінің түсімдері 102,9 процентке, оның ішінде бюджеттің өз кірістері 123 процентке орындалған. Шығындар жоспары 99,9 процент. Игерілмегені – 266 млн теңге, оның ішінде үнемделгені 202 млн теңге болса, басқа себептермен игерілмегені 64 млн теңге.

Жиында көтерілген мәселеге байланысты аймақ басшысы өз ойын білдіріп, бірнеше көрсеткіштер бойынша қалыс қалған аудандар мен қала басшыларын сынға алды, ескертулер жасады. Бұл ретте, өңір басшысы облыстың экономикалық тұрақтылығы аудандар мен қаланың қарқынды дамуына тікелей байланысты екенін, бірінші кезекте ішкі нарықты қажетті тауарлармен толтыру арқылы инфляцияны тұрақтандыруға баса назар аудару қажеттігін ескертіп, нақты тапсырмаларды міндеттеді.


2-бет


АЗЫҚ-ТҮЛІК

## СҮТ ӨНДІРІСІ:

### ӨҢІР ҚАНШАЛЫҚТЫ ӘЛЕУЕТТІ?

**Малды ауылда туған әрбіріміз ағарғанның қадір-қасиетін ұғып, оны ұқсатудың бейнетін сезініп өстік. Біздің үйдің мөшке сиырының бас-аяғы байлап сауылатын. Мінезі шатақ болғанымен, сүтті еді жануар... Ошақтан түспейтін қара қазанда екі мезгіл сүт піседі, ізінше суытылып, ұйытылып, екі мезгіл күбі күмбірлейді. Кейін айран ірітіліп, өреге құрт жайылады, одан қапқа түседі. Ағарған сату дегенді айта көрмеңіз... Сиыры қысыр қалған немесе сауынсыз үйді сүт-айранмен жақындағы көрші-көлем де, алыстағы ағайын-туыс та қамтамасыз ететін. Бұл – бұрынғы ауыл бейнесі.**

**Қазір сол ауылдың өзінде шай жабдығымен бірге дастарханға қораптағы сүт келеді. Баяғы мөшке сиырлардың тұқымы да азған секілді. Жыл басынан бері елдегі сүт бағасы 17% қымбаттапты. Қаңтар мен мамыр аралығында республикада сүт өндірісі былтырғымен салыстырғанда 7% төмендеп, 235,3 мың тонна болған. Бұл – кейінгі алты жылда бірінші рет өндірістің төмендеуі. Сүттің басым бөлігі Солтүстік Қазақстан (75,7 мың тонна) және Алматы (44,2 мың тонна) облыстарында өндірілді. Маусым айында сүт бағасына тағы 2,4% қосылды. Былтырғы бағамен салыстырғанда 21,5% қымбаттады.**

Гүлжазира ЖАЛҒАСОВА, «Сыр бойы»


3-бет




МЕДИЦИНА

## Мамандыққа грант көбейді



**Денсаулық сақтау министрлігі медициналық мамандықтар бойынша бакалавриатқа және резидентураға білім гранттарының санын арттырды. Қазіргі уақытта бакалавриатқа барлығы 2700 грант бөлінді: «Мейірбике ісі», «Фармация», «Жалпы медицина/ Медицина», «Стоматология», «Педиатрия», «Қоғамдық денсаулық» мамандықтарына 2335 грант, квота 365 грант (жетім балалар, мүгедектігі бар тұлғалар және т. б.), 20 халықаралық келісімдер шеңберіндегі грант.**

Магистратураға «Денсаулық сақтаудағы менеджмент», «Қоғамдық денсаулық сақтау», «Мейірбике ісі», «Фармация», «Биомедицина», «Медицина», «Медициналық-профилактикалық іс» мамандықтары бойынша 325 грант бөлінді. 2023 жылы мемлекеттік гранттардың саны 1500-дің орнына 1700-ге дейін, 2024 жылы 1800, 2025 жылы 2000-ға дейін ұлғаяды. Айта кетері, резидентураның мемлекеттік білім тапсырысын бөлу кезінде денсаулық сақтау, аймақтандыру басқармаларының және ЖОО, ҒЗИ, ҰО өтінімдеріне сәйкес өңірлердің қажеттілігі ескеріледі.

КҮН ҚАБАҒЫ ЖӘНЕ ПАРАДОКС

## Шілденің шайына келіңіз



**Бұрын Сырдың бойын шілде шыққаннан ыстық қысатын, биыл бұл қысым маусымнан басталып кетті. Арасында бір-екі күн ғана желкемдеп, алдап қоятыны бар.**

**Ал, соңғы апта тіпті сорақы. 45-46 градус ыстық деген гидрометцентр хабары жанқалтамызда жүр, әй, бірақ, оны көлеңкемен есептеген дейді. Сонда бізде елуден әрі. Бірақ, біздің Қызылорда жұрты елу градусыңды елемей, самаурынның құлағынан ыстық шайды бұлақша ағызып, бұрқыратып әңгіме соғып отыра береді.**

Дүйсенбек АЯШҰЛЫ, «Сыр бойы»

Біз расында да төзімділік жағынан әлемде бірінші орын алатын халықпыз-ау. «Шілде» сөзі арап тілінен аударғанда «қырық» деген мағына береді-міс. Бұрын қазақтардың мұсылмандық ұғымында «шілдеге түсу» деген болған. Медресе бітіріп, шатырхат алған үздік шәкірттер – дәруіш, сопы, ақындар жер астына түсіп, қырық күн бойы ешкімді көрмей, сөйлемей, тек Алламен ғана үнсіз тілдескен. Мұны қазіргіше медитация деуге болады. Соған төзген қазақпыз. Түркістан маңында, Қарнақ елді мекенінде сол ескі медресенің орнындағы қылует әлі күнге бар дейді, көргендер.


4-бет



www.facebook.com/syrboyi.kz/

www.instagram.com/syrboyi_kz

https://twitter.com/syrboyi

t.me/syrboyi_kz

# Тұрғындардың әрбір мәселесіне ұдайы мән беріледі

– Мәселен, тұрғындар қойған сұрақтардың 40-тан астамы автомобиль жолдарын жөндеу, білім беру, денсаулық сақтау, мәдениет және спорт нысандарын жөндеу және салу, сумен, газбен жабдықтау, электр желілерін жаңарту, сондай-ақ, ауыл шаруашылығы мәселелері, елді-мекендерді абаттандыру, санитарлық тазалау және экология сипатында болды. Әрине, халықтың көкейкесті мәселеге деген ұсыныс-пікірлерін саралап, жинақтадық. Қазіргі таңда бұл мәселелерді рет-ретімен шешу жөнінде Іс-қимыл жоспары бекітілді.



Бүгінгі кездесу барысында да 18 тұрғынның мәселесі қаралды. Оның ішінде, Ұлы Отан соғысының ардагері Алтынбек Сейдахметовтің есімін Қызылорда қаласындағы көшелердің біріне беру ұсынылды. Жау жолына қасқая қарсы тұрып, Жеңіс жалауын желбіреткен жауынгерлердің есімін ұлықтау – қасиетті парызымыз. Сондықтан бұл ұсыныс мұқият қаралып, заңдылығына қарай шешілетін болады. Сонымен қатар, көпбалалы ана Айнұр Қалдыбекова науқас нәрестесінің еміне көмек сұрады. Бұл мәселеге қатысты күні ертең «Қазақстан халқына» қорының өкілі облысқа жұмыс сапарымен келеді. Осы мәселені бірлесіп ақылдасатын боламыз. Сонымен қатар, баланы жергілікті жерде КТ, МРТ аппараттарында тексеруден өткізуді және қажетті дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етуді облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысына тапсырдым.

Мұнан бөлек, мүмкіндігі шектеулі жандарға санаторлық-курорттық демалысы кезінде көмекшіні қоса алып жүру мәселесі 2023 жылдан бастап шешімін табатын болды.

Жеке қабылдауда болған азаматтардың басым бөлігі тұрғын үй мәселесімен келген. Бұл жерде баспана мәселесі Заң аясында кезегіне сәйкес берілетінін айтқым келеді.

Қалған мәселелерді де зерделеп, заң аясында оңтайлы шешімін қарастырамыз, – деп атап өтті облыс әкімі.

1-бет

**«СБ» ақпарат**

# Емхана жұмысымен танысты



**Кеше облыс әкімінің орынбасары Нұрымбет Сақтағанов өңірдегі эпидемиологиялық ахуалға байланысты қаладағы №3 және №6 емханада атқарылып жатқан жұмыстармен танысты.**

Алдымен коронавирус инфекциясының алдын алу және оны таратпау мақсатындағы негізгі жұмыстар туралы облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Сәбит Пазылов айтып берді. Сонан соң амбулаториялық жұмыстар жөнінде №3 қалалық емхананың бас дәрігері Гүлстан Әубәкірқызы, №6 қалалық емхана бойынша Жанат Шайхисламқызы мәлімдеді.

Айта кетейік, №3 емхана ауысымына 500 тұрғын қабылдай алады. Заманауи құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілген емхана «Сәулет», «Арай», «Самал», «Саяхат», «Шұғыла», «Ипподром», «СПМК-70» және «Сырдария» шағын аудандарының халқына 2012 жылдың маусым айынан бері медициналық қызмет көрсетеді. Аталған емханадан жыл басынан бері 322 науқас ем алған. Қазір 8 пациент амбулаторлы-медициналық бақылауда. Мұнда тіркелген барлық ересек тұрғындарға вакцинаның бірінші және екінші кезеңі толықтай салынды. Мәселен, 15918 тұрғын коронавирус инфекциясына қарсы ревакциналаудан өткен. Ал №6 қалалық емханаға тіркелген 38 800 тұрғын түгелге жуық екпе алған.

Бүгінгі таңда аталған емханаларда жеке қорғаныс құралдары қоры жеткілікті. «Коронавирус инфекциясымен күресу мен аурудың алдын алуда тұрғындарға екпе салу жұмыстары емханаларда тиісті деңгейде атқарылып жатыр. Түсіндірме жұмыстары да кең көлемде жүргізілуде» дейді мамандар.

**«СБ» ақпарат**

# ОБЛЫС ЭКОНОМИКАСЫНДА ӨСІМ БАР

## әйтсе де ширататын шаруа аз емес



– Аудан әкімдері азық-түлік сақтау қоймаларын ашу жұмыстарын әлі де жолға қоймаған. Ауыл тұрғындарына көкөніс, бақша өнімдерін өсіруге қосымша жер телімдерін беру туралы менің тапсырмамды ескере келе, бұл мәселе тіптен өзектене түсті. Осы орайда, 25 шілдеге дейін қажеттілікке қарай азық-түлік сақтау қоймаларын ашу бойынша ұсыныс енгізулеріңіз керек. Сондай-ақ, жауапты басқарма тұрақтандыру қорына азық-түлік тауарларын қалыптастыру шеңберінде қол жеткізілген келісім-шарттардың уақытылы орындалуын қамтамасыз етуі тиіс. Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, халықтың табысын арттыру бойынша тиісті бюджеттік бағдарлама әкімшілері облыс төңірегіндегі 300-ден астам жобалардың уақытылы жүзеге асырылуын қамтамасыз етсін. Бұл жаңа жұмыс орындарын құруға, салық базасын кеңейтуге және азаматтардың табысын арттыруға мүмкіндік береді. Бюджеттің игерілуі 99,9 процентті құрауда. Жыл аяғына дейін осы қарқынды ұстауға ай сайынғы жоспарланған қаржының толық игерілуін және жұмыстардың сапалы орындалуын қамтамасыз ету қажет, – деді Нұрлыбек Нәлібаев.

Алқа отырысында екінші мәселе бойынша облыстық кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасының басшысы Мұса Қалдарбековтің хабарламасы тыңдалды. Ол аймақтың инвестициялық әлеуеті мен қаржы тарту жұмыстарын баяндады.

Мемлекет басшысының Қазақстан халқына арнаған Жолдауынан туындайтын міндеттердің бірі – отандық және шетелдік инвестиция тарту. Былтыр облысқа бекітілген жоспар 66,4%-ке орындалып, көрсеткішке қол жеткізілмеген.

– 11 шілдеде өткен Үкімет отырысында «Негізгі капиталға салынған инвестиция» көрсеткішінің жоспары қайта бекітілді. Жоспарға сәйкес биыл облысқа 373,5 млрд теңге инвестиция тарту қажет. Осы жоспардың бүгінге тек 34,1%-і ғана орындалды. Аудандар бөлінісінде статистикалық мәлімет жарияланбағандықтан, 5 айдың көрсеткішіне тоқталып өтейін. Есепті кезеңде 5 ауданда, яғни, Арал, Қазалы, Қармақшы, Жалағаш және Жаңақорғанда инвестиция көрсеткіші төмен. Қала, аудан әкімдіктерінен жинақталған мәліметке сәйкес, биыл жалпы инвестициядағы жеке инвестиция көлемі 68,7%-ті құрап, былтырмен салыстырғанда 3,8%-ке төмендеу қаупі бар. Атап өту қажет, былтырмен салыстырғанда Қызылорда қаласы мен Сырдария ауданында жеке инвестицияның жоспары жоғары. Сондықтан, қалған аудандарға былтырғы жылмен салыстырғанда 5 проценттік өсімге жұмыс жасауды ұсынамын. 4 ауданның ұсынысы былтырғы жылғы көрсеткіштен төмен. Олар – Қазалы, Жалағаш, Қармақшы және Сырдария аудандары. Аталған аудандар бойынша 2021 жылы 59 млрд теңге инвестиция тартылса, биылғы ұсынысы 39,9 млрд теңгені құрайды, яғни, 19,1 млрд теңге инвестиция жетіспейді, – деп атап өтті басқарма басшысы.

Инвестиция тартуда және жаңа өндірістерді ашуға оң әсер беретін инфрақұрылымның бірі – индустриялық аймақтар. Өңірде барлығы 512 га жерді құрайтын 6 индустриялық аймақ бар. Оның 39,2%-і игеріліп, орналасқан 61 жобаның 24-і іске қосылған. Жобалар іске қосылған уақыттан бері 61 млрд теңгенің өнімін өндірген. Ондағы цемент зауытының үлесі 72%-ті құрайды. Индустриялық аймаққа биыл 8 жобаны орналастыру арқылы жер көлемін игеру деңгейін 39%-тен 44%-ке дейін жеткізу, яғни, 25,5 гектар жер учаскесін қосымша игеру жоспарлануда.

Екінші мәселеге байланысты өңір басшысы облыстық білім, денсаулық сақтау, автомобиль жолдары, табиғи ресурстар басқармаларының биылға арналған инвестиция жоспарының былтырғыдан төмен екендігін сынға алып, қаржы тарту бойынша жұмысты үйлестіруді тапсырды.

– Жоспарға сәйкес биыл облысқа 373,5 млрд теңге инвестиция тарту қажет. Осы жоспардың бүгінге тек 34,1%-і ғана орындалған. Мұса Оспанұлы, көрсеткіштердің толығымен орындалуына тікелей жауаптысыз. Баяндамаңызда атап өткендей, 3 ірі жоба бойынша 30,7 млрд теңгенің игерілмеу қаупі бар. Білім, денсаулық сақтау, ауыл шаруашылығы, құрылыс, энергетика басқармаларында инвестиция көлемінің төмендеуі байқалады. Сондықтан, қала және аудандардың, тиісті басқармалардың мүмкіндіктерін зерделеп, жоспарларын қайта қарап, көрсеткіштерін көбейту бағытында жұмыс жасау керек. Әкімдер тек мемлекеттік бюджеттің қаражатын игерумен қатар, белсенді түрде инвестиция тарту бағытында жұмыс жасаңыздар! Қажет болса шетелге шығыңыздар, ірі инвесторлармен кездесіп, келіссөздер жүргізіңіздер! Тек нақты нәтиже болуы керек. Облыс аумағындағы индустриалды аймақтардың да жағдайы мәз емес. Бүгінгі күні өндіріс орындарын құру мақсатында мемлекет тарапынан қажетті инфрақұрылымның барлығы жеткізілген арнайы учаскелердің көбісі бос тұр. Облыс бойынша 2014 жылдан бастап 512 гектар аумақта тек 24 ғана жоба жүзеге асқан. Жобалардың тек қағаз жүзінде ғана құрылатындығын айтумен келеміз. Әріптестер, облысымыздың экономикасы мұнай-газ саласына негізделгенін өздеріңіз білесіздер. Алайда, кен орындарының табиғи сарқылуына байланысты мұнай өндіру көлемі күрт төмендегені де белгілі. Осы ретте, облыс экономикасын әртараптандыру мақсатында жаңа өндіріс орындарын құруымыз қажет. Бұл үшін барлық мүмкіндіктер бар, – деді облыс әкімі.

1-бет

Осы ретте аймақ басшысы облыстық кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасы, Қызылорда қаласы және аудан әкімдеріне тиісті жауапты басқармалармен бірлесіп 10-шы тамызға дейін инвестиция тартудың арнайы жол картасын әзірлеуді тапсырды. Сондай-ақ, индустриалды аймақтардың жұмысын жандандыру бойынша ұсыныс енгізуді жүктеді. Аймақ үшін күрмеулі мәселелер бойынша шұғыл шара қабылдап, алдағы уақытта оны болдырмауды қамтамасыз етуді тапсырды. Ал өз қызметіне атүсті қараған жауапты тұлғаларға тәртіптік жаза қолданылатын болады.

Алқа отырысында жоғарыда айтып өткеніміздей, қосымша мәселелер ретінде денсаулық сақтау саласы, оның ішінде аймақтағы ана мен бала өлім-жітімі, коронавирус инфекциясының таралуы мен Конго-Қырым геморрагиялық қызбасының эпидемиологиялық ахуалы талқыланды.

Өңірдегі ана мен бала өлімінің көрсеткіші туралы облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Сәбит Пазыловтың хабарламасы тыңдалды.

Биылғы 6 айда облыста 9927 нәресте дүниеге келіп, өткен жылмен салыстырғанда 1293 нәрестеге азайып отыр. Сонымен қатар, ана мен бала өлімі көрсеткіші де тұрақсыз жоғары деңгейде. Жыл басынан бері ана өлімінің 3 жағдайы тіркеліп, көрсеткіш – 28,5-ті құраған. Межелік индикатор – 10. Республикалық көрсеткіш – 11,3. Өңірлер арасында ана өлім-жітімі бойынша біздің аймақ Павлодар, Батыс Қазақстан, Қарағанды облыстарынан кейін 4 орында тұр. 2020 жылы 12 ана өлімі тіркелсе, былтыр 10 қайғылы жағдай орын алған.

– Биыл ана өлімі Арал, Қазалы ауданаралық ауруханасында және Байқоңыр қаласының көпбейінді ауруханасында орын алды. Ал сәби өлімі бойынша тоқталсақ, 6 айда 113 нәресте шетінеп, көрсеткіш 1000 тірі туылған нәрестеге шаққанда 11,4 промильді құрады. Былтырғы 6 айда 94 жағдаймен 8,4 промильді құраған болатын. Салыстырмалы түрде алғанда 35%-ке жоғарылағаны байқалды. Негізінен, 61 жағдай, яғни, 54 процентінде перинатальды кезеңдегі жағдайлар, 20 жағдай, яғни, 17,7%-і – туа біткен аномалиялар, 11 жағдай немесе 9,7%-і – инфекциялық-паразитарлық себептер, – деп атап өтті басқарма басшысы.

Сондай-ақ, ол ана мен сәби өлімінің көрсеткіштеріне тікелей әсер ететін жағдай – кадр тапшылығы екенін айтты. Облыс бойынша босандыру ұйымдарының мамандармен қамтылу деңгейі, акушер-гинекологпен қамтылуы 94%, анестезиолог-реаниматологпен – 65,6%, неонатологтармен – 90,3%.

– Облыс бойынша босандыру ұйымдарында барлығы 106 акушер-гинеколог жұмыс жасаса, оның 71-і оперативті техниканы меңгерген. Оның ішінде 6-ы ғана кең көлемді оталар жасай алады. Бұл акушерлік шұғыл жағдайларда өте маңызды, соның салдарынан шалғай аудандарда жүкті әйелдер мен нәрестелер медициналық көмекпен толық қамтамасыз етілмеуі мүмкін. Облыстық перинаталды орталық – өңір бойынша ұйымдастыру-әдістемелік, тәжірибелік оқу орталығы ретінде бекітіліп, кең көлемді оперативті техниканы үйрету мақсатында аудандық ауруханалардан мамандар белгіленіп, машықтығын шыңдау үшін кесте бойынша жолдануда. Жалпы акушер-гинекологтардың 27 процентін 5 жылға дейін жұмыс өтілі бар дәрігерлер құрайды, 37 процентінің өтілі 10-20 жыл, 14 процентінде 20-30 жыл, 10%-не 30-40 жыл болса, зейнет жасындағы 11 дәрігер қызмет атқарады, – деді С.Пазылов.

Сонымен қатар, әйелдердің денсаулық индексінің төмен болуы да өлім-жітімнің көбеюіне әсер етуде екен. Мәселен, соңғы 5 жылда қан айналымы жүйесінің аурушаңдығы 42,3%-ке өскен. Әйелдер мен жасөспірімдерде қан және қан өндіру органдары ауруларының жоғары деңгейі байқалады. Облыс бойынша эндокриндік жүйенің, тамақтанудың бұзылуы мен зат алмасуының бұзылуы республикалық көрсеткіштен 2,7 есе жоғары, бұл көрсеткіш бойынша өңір ел бойынша алдыңғы қатарда келеді. Мәліметтерге сәйкес, аймақтағы жүкті әйелдердің 99%-інде белгілі бір экстрагенитальды аурулар бар, босанғаннан кейінгі кезеңде өлі туылу және асқыну деңгейі жоғары. Оған қоса, туу жасындағы әйелдердің жүктілікке даярлық бойынша атқарылған іс-шараларға қарамастан, жүктілік кезінде созылмалы аурулары бар әйелдердің үлес салмағы азаймай отыр. Қызылорда облысында әйелдер денсаулығының индексі республикалық көрсеткіштен 1,6 есе төмен болып, 48%-ті құрайды, ал республикада ол – 78%.

– Ана және нәресте өліміне тікелей әсер ететін көрсеткіштердің тағы бірі – жүкті әйелдердегі экстрагенитальды аурулар және қауіп-қатер факторлары. Облыс бойынша жүктіліктің экстрагенитальды аурулармен сипатталу көрсеткіші жоғары. Жүкті әйелдердің 79%-де қауіп-қатер факторы бар, бұл республикалық көрсеткіштен екі есе жоғары. Бүгінде облыс бойынша 10493 жүкті әйел болса, оның 15-інде жүктілік мүлдем қарсы көрсетілген, 79%-і қауіп факторымен, 25%-і экстрагенитальды аурулармен тіркелген, – деп нақтылай түсті басқарма басшысы.

Облыс әкімі бұл мәселеге ерекше мән беріп, тиісті шараларды шұғыл қабылдауды тапсырды және басқарма басшысына бірқатар міндеттер жүктеді.

– Тіркелген ана мен бала өлімі көрсеткішін тек табиғи факторларға, материалдық-техникалық базаға сілтеудің қажеті жоқ. Жауапкершіліктен құтылмайсыздар! Әрбір өлім-жітім – бір отбасының тағдыры, қасіреті. Бұл ретте, қысқа мерзімде көтерілген мәселе бойынша шұғыл және пәрменді шаралар қабылдауымыз қажет. Облыстық денсаулық сақтау басқармасы 10 күн ішінде ана мен бала өлімін төмендету мақсатында сала мамандарымен және ғылыми қауымдастық өкілдерімен мәселені жан-жақты зерделеп, кешенді жоспар әзірлеп, бекітуді тапсырамын. Сонымен қатар, жүкті әйелдерге қауіп факторларымен және ауыр экстрагенитальды патологиямен кеңес беру үшін республика деңгейіндегі білікті мамандарды тарта отырып, консилиумдар ұйымдастыру қажет. Жүкті әйелдерді уақытында есепке тұрғызу және балаларға патронаж жасау жұмыстарын күшейтіп, әйелдер арасында жүктілікті жоспарлау бойынша түсіндірме жұмыстарын кеңінен жүргізу қажет, – деді Нұрлыбек Машбекұлы.

Алқа отырысында талқыланған мәселенің бірі – өңірдегі эпидемиологиялық ахуал. Жыл басынан коронавирус инфекциясымен тіркелген науқастар саны 4918-ді құраған. Өңір «Жасыл аймақта» болғанымен аталған ауруды жұқтырған адамдар санын азайту бағытында тиісті шаралар қабылдау қажеттігі туындады. Жиында облыстық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаментінің басшысы Динара Жаңабергенова облыс аумағындағы эпидемиологиялық жағдайды тұрақтандыру бағытындағы шаралар туралы баяндады.

Аймақ басшысы коронавирус инфекциясының таралуының алдын алу бойынша жауапты сала басшыларына кешенді жұмыс жүргізуді, оның ішінде вирус жұқтырған азаматтарды дер кезінде анықтап, ауруханалардағы төсек-орын мен қажетті дәрілік препараттардың қорын дайындауды тапсырды.

Өңірде Конго-Қырым геморрагиялық қызбасының эпидемиологиялық ахуалы нашарлауда. Мәселен, жыл басынан қызбаға күдікпен 31 науқас тіркелсе, оның 14-і зертханалық сынама қорытындысымен расталды. 4 жағдай адам шығынымен аяқталды. Бұл орайда да облыс әкімі санитариялық-эпидемиологиялық департамент тарапынан қолайсыз 116 елді мекеннің анықталып, оған қажетті қаржы бөлініп, көктемгі дезинсекция жүргізілгенімен расталған жағдайдың өте көп екенін айтып, департамент жұмысын сынға алды. Сонымен қатар, қала және аудан әкімдеріне шұғыл түрде өз аумақтарындағы елді мекендерде қора-жайларды, аулаларды кенеге қарсы өңдеу басталғанға дейін және жыл көлемінде тұрақты түрде қидан, қоқыстан таза ұстауды қамтамасыз етуді міндеттеді. Ал облыстық денсаулық сақтау басқармасы емдеу методикасын күшейту бойынша нақты шаралар қабылдауы тиіс. Сондай-ақ, облыс әкімі көтерілген мәселелерге қатысты қызметіне салғырт қараған тұлғаларға жауапкершілік шара көрілетінін айтты.

# Доллар «тыпыршып» тұр

Сарапшылардың айтуынша, теңге әлемдік валюта нарығындағы АҚШ долларының қысымында. Оған қоса, мұнай бағасының құлдырауы тоқтағанымен, айтарлықтай қалпына келген жоқ. Бұл ретте Қазақстан үшін тұрақты шикізаттық жағдай өте маңызды екенін айта кеткен жөн. Себебі бюджет кірісінің жартысынан көбі энергия ресурстарын экспорттаудан түседі. Сондай-ақ, Қазақстанда рубль тағы да қымбаттап, қор нарығындағы бағамы 9 теңгеге жақындады. Мұның Қазақстан үшін зияны жоқ емес. Мәселен, рубль қымбаттауы салдарынан инфляция деңгейі өсуі мүмкін.

Дегенмен, Ұлттық банк теңге бағамының әлсіреуі қалыпты жағдай деген пікірде. Шетелдік валюталардың өткен айдан бері бір арзандап, қайта көтерілуіне ішкі және сыртқы факторлар әсер етті дейді мамандар.

Ең алдымен жаһандық нарықта доллар құны бұрынғыдан да түскен. Дивидент төлеу кезеңінде заңды тұлғалар тарапынан валютаға сұраныстың артуы да ішкі нарықта доллар бағасының беки түсуіне себеп болыпты. Теңгені ұзақ мерзімде қалыпты ұстап тұрудың бір ғана амалы бар дейді Ұлттық банк басшылығы. Ол – алтын валюта резервтерін жұмсау. Бірақ бұл қадам кейін ұлттық валюта бағамын девальвациялау қажеттілігіне алып келуі мүмкін.

Ұлттық банк басшылары елдегі банктерде жиналып қалған Ресей рубліне қатысты да пікір білдірді. Енді оның көлемін азайту үшін шекарадан қолма-қол көбірек алып өтуге рұқсат берілмек. Бұл бір реттік шара. Мұндай мүмкіндік азаматтарда 31 тамызға дейін болады.

Негізі шетел валютасын шекара асыруға шектеу бар. Ұлттық банктегілер мұндай бір реттік шаралардың да мәселені шешпейтінін мойындап отыр. Сондықтан, екі ел арасындағы сауда-саттық көлемін, жалпы алыс-беріске кешенді зерттеу жүргізіп, шешімді содан кейін қабылдамақ.

Айта кетсек, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев жақында ғана Үкіметтің кеңейтілген отырысында сөйлеген сөзінде Үкіметтің және Ұлттық банктің негізгі міндеті – инфляцияны тұрақтандырып, азаматтардың табысын арттыру болуға тиіс деп атап өтті. Сондай-ақ, жаңа жұмыс орындарын ашу қажет.

– Жалпы, еліміздің экономикасы сын-қатерлерге төтеп беріп жатыр деуге болады. Қазір халықаралық институттар әлемдік экономика қарқыны бәсеңдейді деген болжам айтуда. Соған сәйкес инфляция жаппай өсуі мүмкін. Өңірлік дағдарыстың ұзаққа созылып бара жатқанын байқап отырмыз. Тіпті, бұл ахуал жаһандық тоқырауға ұшыратады деген қауіп бар, – деді Мемлекет басшысы.

Бұл ретте бірқатар тәуелсіз сарапшылар импортты алмастыру шаралары сәтсіздікке ұшырап, салдарынан болашақта тағы бір дағдарыс болуы мүмкін деген болжам айтуда.

«ThePulse» порталы Қазақстанның ақша-несие саясатындағы проблемалардың себебімен емес, салдарымен күресуге дағдыланғанын атап көрсетеді. Елдегі кейбір өнімдер бағасының қымбаттауы кәсіпкерлер үшін пайыздық мөлшерлеменің жоғары болуымен байланысты. Себебі, мұндай жағдайда бизнесті дамыту іс жүзінде мүмкін емес. Мысалы, 15 пайыз деңгейіндегі несиелік жүктемені өтей алуы үшін компанияның табыстылығы қандай болуы керек?

Бір сөзбен, жоғары несиелік жүктеме бизнестің дамуына мүмкіндік бермейді. Салдарынан баға көтеріле береді. Ал, өндіріс керісінше төмендейді. Сондықтан Қазақстанды жаңа дағдарысқа ұшыратпау үшін шұғыл түрде жаңа өндіріске инвестиция салу керек. «Егер ел ішкі жалпы өнімнің 15-17 процентін жаңа өндіріске инвестицияламаса, 5-7 жылдың ішінде дағдарысқа ұшырайтыны бұрыннан белгілі», дейді сарапшылар.

1-бет



**Кеше Ы.Жақаев атындағы қазақ күріш ғылыми-зерттеу институтында «Су тапшылығы жағдайында егін шаруашылығына су үнемдеу технологиясын енгізудің өзекті мәселелері» тақырыбында семинар өткізілді. Онда институт ғалымдары жаңа жобалар жөнінде жан-жақты пікірлесті.**

# Су үнемдеу технологиясы – мүмкіндік көзі

Семинар барысында институттың басқарма төрағасының орынбасары Әсет Тоқтамысов су қорын тиімді пайдалану өзекті мәселе екенін атап өтті. Айта кетерлігі, бұған жаһандық климаттың өзгеруінің тікелей қатысы бар.

– Өткен ғасырдың жетпісінші жылдарында өңірде ауыл шаруашылығы жерлері инженерлік жүйеге келтірілді. Ол облыстың табиғи-климаттық жағдайында дақылдардан тұрақты өнім алуға негіз қалады. Дегенмен кейінгі жылдарда ауыспалы егіс жүйесін басқару мен пайдалануда бірқатар кемшілік бар. Инженерлік жүйенің құрамындағы суару каналдары мен қашыртқы-кәріз жүйесі, оның бойындағы гидротехникалық құрылыстардың пайдалану тәртібі сақталмай жүр. Соның салдарынан ирригациялық жүйелердің техникалық жағдайы нашарлаған. Топырақтың тұздануы көрініс берсе, оның өнімділіктің кемуіне алып келетіні белгілі, – деді Ә.Тоқтамысов.

Сондай-ақ, семинар барысында институттың бөлім басшысы Қанағат Бегалиев күріштің ауыспалы жүйесінде көкөніс-бақша дақылдарын тамшылатып суару әдісімен өсіруге байланысты ой-пікірімен бөлісті. Ал институттың орталық жетекшісі Жанұзақ Байманов, жетекші ғылыми қызметкері Өмірзақ Аймұхамбетов су үнемдеу технологиясы бойынша ұсыныс-пікірлерін ортаға салды.

**«СБ» ақпарат**



БРИФИНГ

# ЖАҢАҚОРҒАН: ӘЛЕУМЕТТІК САЛА ӘЛДЕНІП КЕЛЕДІ

**Жаңақорған ауданы бірінші жартыжылдықты табысты түйіндеді. Өндірісі мен ауыл шаруашылығы қатар дамыған ауданда есепті кезеңге тартылған инвестиция көлемі 11 млрд 339 млн теңгені құрады.**

Sb Ақтілек БІТІМБАЙ,
«Сыр бойы»

– Аудан бойынша 5601 шағын және орта кәсіпкерлік нысандары бар. Бүгінде оның 95 проценті жүйелі жұмыс істеп тұр. Әсіресе, шаруа қожалықтарының қарқыны жоғары. Ауданда өндірісті де, кәсіпкерлікті де дамытуға мүмкіндік бар. Ауыл шаруашылығы жалпы өнімінің көлемі 6 млрд 330 млн теңгеге жетті. Биыл аудандағы егінмен айналысатын шаруашылық құрылымдары 36 777 гектарға егін екті. Оның 6 300 гектарына күріш отырғызуда. Өткен жылға қарағанда мал басы 104 процент болды. Өндірілген ет, сүт, жұмыртқа өнімдерінің де көрсеткіші жоғары. Бүгінде қысқа дайындық жұмыстары басталып, қажетті жем-шөптің тең жартысы жиналды, – деді өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте ауданы әкімі Мұрат Тлеумбетов.

Аудан әкімі тұрғындардың тұрмыс сапасын арттыру үшін экономикалық өсім мен тұрақтылық керек екенін атап өтіп, бірқатар өзекті мәселелерге тоқталды.

– Елді мекендерді ауызсумен қамту үшін қомақты қаржы бөлініп, Сүттіқұдық ауылының солтүстігінде 11 ұңғыма қазылып, 13 шақырым электр желісі жүргізіледі. Нәтижесінде жаңадан іске қосылатын суармалы жерлердің жалпы ауданы 800 гектарға артып, елді мекен тұрғындары егін егіп, жаңадан жұмыс орындары ашылатын болады. Өздеріңізге белгілі, қант тапшылығы елімізде қатты сезілуде. Біз биыл Жайылма ауылдық округінде 2 гектар жерге қант қызылшасын тәжірибелік негізде ектік. Егер өнімділігі жоғары болатын болса, алдағы жылдары дақылдың көлемін арттыратын боламыз, – деді ол.

Брифингте газ тарту, жол сапасын жақсарту, электр



желілерін жаңарту жұмыстары да шет қалмады. Биыл Бірлік және Қыраш елді мекендері газдандырылатын болады. Сонымен қатар, Жайылма, Шалқия, Құттықожа, Кейден және Төменарық елді мекендеріне газ құбырын салуға жоба жасалып, сараптамадан өткізілді.

Бұған қоса, «Ауыл – ел бесігі» жобасы аясында Жаңақорған кентінің электр желілерін қайта жаңғырту жұмыстарына ел қазынасынан 3,4 млрд теңге қаржы жоспарланған. Бүгінде соның бір бөлігі алынып, жаңғырту жұмыстары басталып кетті. Енді аудан көлеміндегі әбден тозығы жеткен электр бағаналары мен желілерінің жаңарар күні алыс емес.

Тағы бір жағымды жаңалық, биыл аудандағы барлық маңыздағы жолдарды жөндеуге 736 млн теңге қаралды. Сонымен қоса, Екпінді және Ақжол елді мекендеріне кіре беріс аудандық маңызы бар автомобиль жолдарындағы 2 көпірді қайта жаңғыртуға 92,4 млн теңге бөлінді.

Айта кету керек, ауыл тұрғындарын ауызсумен қамтамасыз ету мақсатында Жаңақорған кентінде сервистік су жүйесінің құрылысы жыл соңына дейін аяқталатын болады. Сонымен қатар, ел қазынасынан Сунақата, Еңбек, Төменарық және Екпінді елді мекенін сумен жабдықтау желісін қайта құру және кеңейту жобалары биыл аяқталады.

Қазіргі таңда Жаңақорған ауданында 35 елді мекеннің барлығы ауызсумен қамтылған. Дегенмен, мәселе жоқ емес. Ең бастысы – «Талап» бас су кешеніндегі қазылған 8 ұңғыма сағатына 35-40 текше метр ғана су беруде. Яғни, 27 елді мекенге үздіксіз толыққанды ауызсу жеткізе алмай отыр. Осыған байланысты Су ресурстары комитетінің тапсырысымен қосымша 5 ұңғыманы бұрғылау жұмыстарының жобасы жасалды. Қаржыландыру мәселесі бойынша жұмыс жүргізілуде.

Аудан бойынша кәсіпкерлік мақсатта 129 жобаға 609,5 млн теңге бөлінген.

– Тұрғындардың табысын арттырудың бірден-бір жолы – тұрақты жұмыспен қамту. Бізде аудан халқының әл-ауқатын арттыру мақсатында жұмыссыздарды нәтижелі жұмыспен қамтуға баса мән беріп отырмыз. Жыл басынан бері жұмыспен қамту орталығына 1765 адам хабарласса, соның 1463-і жұмыс тапты. Биыл 3118 жаңа жұмыс орындарын құру жоспарланды. Осыдан 1848 жаңа жұмыс орыны құрылып, жылдық жоспар 60 процентке орындалды, – деді аудан әкімі.

Кейінгі жарты жылда 4 млрд 601 млн теңге құрылысқа жұмсалған. Бұл былтырғы жылмен салыстырғанда әлдеқайда көп. Халықтың әлеуметтік нысандарға қолжетімділігін арттыру мақсатында биыл ауданда 600 орындық №169 орта мектеп, МАИ бекетінде 300 орындық мектеп, С.Сұлтанмұратов көшесі бойынан 300 орындық мектеп, Бірлік елді мекеніндегі 90 орындық балабақша, Өзгент, Жайылма елді мекендеріндегі 150 орындық клуб құрылыстары жүргізілуде. Мердігерлер уақыт оздырмай бітірсе, жаңа нысандар жыл соңына дейін ел игілігіне беріледі деп күтілуде.

Жалпы, алты айдың асуы, міне, осылай. Расында, ауданда ширықтыра түсетін шаруа аз емес. Сөз соңында аудан әкімі түйінді мәселелерді кезең-кезеңімен шешіп, басталған іс аяғына дейін жеткізілетінін айтты.

# Конго-Қырым геморрагиялық қызбасы ауруының алдын алу

**Ветеринария саласындағы нормативтік құқықтық актілерді бекіту туралы Ауыл шаруашылығы министрінің бұйрығымен және облыс әкімдігінің қаулысымен жануарлардың аса қауіпті жұқпалы және энзоотиялық ауруларының тізбесі бекітілген. Конго-Қырым геморрагиялық қызбасы ауруымен ауыл шаруашылығы жануарлары ауырмайтындықтан бұл тізбеге енгізілмеген.**

ҚКГҚ – табиғи ошақтық аса қауіпті ауру. Осы қауіпті ауруды жұқтыру көктемгі, жазғы және күзгі маусымдарда тіркеледі. Адамдарға бұл ауру денесінде ауру қоздырғышы бар кене шаққанда, науқас адамдармен қарым-қатынаста жұғады, мүгедектікке, уақытылы дәрігерге көрінбесе өлім жағдайына әкеледі. Вирус адам ағзасына жұққаннан кейін 1-14 күн ішінде аурудың алғашқы белгілері білініп, басы солқылдап, дене ыстығы көтеріледі және бүкіл денесі сырқырап қатты ауырады. Соның салдарынан бойын әлсіздік билейді.

Облыстық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаментінің мәліметі бойынша 2022 жылдың эпидемиологиялық маусымдарына ҚКГҚ ауруынан 116 елді мекен қолайсыз болып танылды. Қолайсыз елді мекендерді кенеден залалсыздандыру іс-шараларына облыстық бюджеттен жыл сайын тұрақты түрде қаржы бөлініп келеді. Тұрғылықты халық аса қауіпті аурудың зардабын тартпас үшін бөлінген осы қаржыны тиімді әрі нәтижелі пайдалану мақсатында мал қораларының көң-қилары уақытылы алынып, механикалық-санитариялық тазаланып, жүйелі түрде залалсыздандыру жұмыстары жүргізілуі қажет.

Облыстық жұмылдыру дайындығы басқармасы өткізген мемлекеттік сатып алу конкурсы бойынша жеңімпаз мердігер мекемелер қолайсыз елді мекендерде күзгі кенеге қарсы залалсыздандыру жұмыстарын жүргізуге дайындық үстінде.

Қазіргі күні, облыс бойынша мал иелерінің (мәліметке сәйкес) өз қаржысы есебінен 95,3 мың бас ауыл шаруашылығы жануары кенеге қарсы ветеринариялық препараттармен (ивен, ивермек, ивермектин және т.б.) алдын ала егіліп отыр. Бұл препараттарды пайдалану үнемді әрі, тиімді.

Соның бірі ивермек – инъекцияға арналған ерітінді сұйық дәрі. Паразитарлы ауруларды емдеуге және алдын алуға МІҚ, қой, ешкі, түйе мен шошқаға пайдаланылады. Ивермек түссіз немесе сарғыш болып келеді. Бұл дәрі құрғақ, қараңғы жерде $0^0$С-пен $25^0$С аралығында сақталуы керек. Флакон ашылған соң 24 күнге дейін ғана сақтап пайдалануға болады. Инъекциядан кейін дәрі 10-14 күнге дейін белсенді әсер етеді. Ивермек 50 кг салмаққа 1 мл мөлшерде салынады. Дәрі малдың терісіне жабысып тұрған паразиттермен қоса ішкі құрылысындағы зиянды құрттарды жойып паразитарлы аурулардың алдын алып, малдың тез оңалуына септігін тигізеді.

Мал жайылымдары мен далалық жерлерде, егіс алқаптарында еңбек ететін адамдар кене көбейген кезде сақ болғаны жөн. Жұмыс кезінде ұзын жеңді, ашық түсті киім киіп,шалбардың балағын шұлықтың ішіне салып қою қажет. Дененің барынша жабық болғаны дұрыс. Малды күту және қырқым кезінде арнаулы қорғаныш киімдер мен қолғап киюді естен шығармаған абзал. Жұмыс соңында денесі мен киімдерін кенеден тазартып отыруды әдетке айналдыруы қажет.

Кене шаққанда өздігіңізбен емделуге болмайды. Себебі денеге жабысқан кенені дұрыс алмасаңыз, жағдайыңыз тіптен нашарлап кетуі мүмкін. Кенені май тамызып алуға болмайды, қанға тойып алған кене тұншығып, қанды қайтадан жараға төге салуы мүмкін. Өзіңіз жұлып тастасаңыз, тұмсығы теріде қалып қояды. Оны байқау өте қиын. Ең дұрысы – денедегі кенені пинцетпен немесе ілмек жасап жіппен сағат тіліне қарсы бағытта бұрап отырып алу. Шаққан жерді тек антисептик немесе спиртпен өңдеу керек.

Егер өзіңізді кене шаққанын байқасаңыз, мазасыздансаңыз немесе күдіктенсеңіз міндетті түрде уақытылы дәрігерге көрініңіз.

**Облыстық ветеринария басқармасы**

# «Жұмыс берушілерге шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсат беру және (немесе) ұзарту» мемлекеттік қызмет

Қазақстан Республикасына шетелдік жұмыс күшін тарту Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 27 маусымдағы №559 бұйрығымен бекітілген Жұмыс берушілерге шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсат беру және (немесе) ұзарту, сондай-ақ корпоративішілік ауыстыруды жүзеге асыру қағидалары мен шарттарына (бұдан әрі - Қағида) сәйкес жүзеге асырылады.

Қағидаға сәйкес «Жұмыс берушілерге шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсат беру және (немесе) ұзарту» мемлекеттік қызметін алу үшін жұмыс беруші немесе оның уәкілетті өкілі www.egov.kz, www.elicense «электрондық үкімет» веб-порталы арқылы шетелдік жұмыс күшінің еңбек қызметін жүзеге асыру жері бойынша жергілікті атқарушы органға тиісті құжаттарды қоса бере отырып, өтінішті ұсынады («Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 39-бабының 7-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының күшіне енген халықаралық шарттарында көзделген жағдайларды қоспағанда, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен заңдастырылған білімі туралы құжаттардың және нотариат куәландырған аудармаларының электрондық көшірмелері (егер құжат мемлекеттік немесе орыс тілінде толтырылмаған болса), шетелдік жұмыскердің біліктілігі мен кәсіби тәжірибесінің оны тарту жүзеге асырылатын лауазымға сәйкестігін растайтын жұмыс беруші хатының электрондық көшірмесі, шетелдік жұмыскердің жеке басын куәландыратын құжаттың электрондық көшірмесі, кадрлардағы жергілікті қамту туралы ақпарат).

Жыл басынан бастап уәкілетті органға www.egov.kz, www.elicense «электрондық үкімет» веб-порталы арқылы шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсат алу үшін заңды тұлғалардан 59 өтініш келіп түсіп, 90 бірлік рұқсат берілді.

## Аналық алғысым шексіз

Көп жылдан бері науқастанып, әуелі Алланың сосын Қармақшы аудандық ауруханасының дәрігерлері С. Кенжебаева, Ә. Маликов, А.Шұлтікова, Б.Қадірқұлов, Г.Тлеумағамбетовалардың біліктілігінің арқасында талай қауіпті күндерді артқа тастаған жайым бар. Науқасым дендеп көпбейінді облыстық аурухананың 2-кардиология бөлімінде жүрегіме ота жасалды. Бөлім меңгерушісі, жоғары санатты кардиолог-оритмолог Н.Лепесов, интервенционды-кардиолог А.Қожахметов, кардио-хирург Ж.Сейдахметовтей білімді дәрігерлердің аялы алақанымен өмірге қайта келгендей болдым.

Уақытпен санаспай науқастардың жағдайын жасап, жанынан табылатын кардиолог Ә.Мырзабаеваға, мейірбикелер Тілеубергеноваға, Шуменоваға, Абдрамановаға, Қосжановаға, Лиза Мұталлапқызына аналық алғысым шексіз. Алматының Сызғанов атындағы кардио-хирургия клиникасында емделіп жатқанымда дәл осы облыстық ауруханадағыдай науқасқа барлық жағдай жасалғанын көрмеппін. Біздің көпбейінді облыстық аурухананың архитектуралық жағынан салыстырғанда басқа клиникалардан оқ бойы озық тұрады. Адам жанының арашашысы, білімді, білікті, Гиппократ антына берік жас толқын дәрігерлермен толыққан аурухана басшылығына айтар алғысым шексіз. Айналайын алтын қолды дәрігерлер Алла сіздерге ұзақ ғұмыр, зор денсаулық, салиқалы ұрпақ нәсіп етсін.

**Кентай БАЛҒАБАЕВА,
еңбек ардагері,
Қармақшы ауданы**

# СҮТ ӨНДІРІСІ: ӨҢІР ҚАНШАЛЫҚТЫ ӘЛЕУЕТТІ?

## Субсидияның септігі

«Қымбаттамаған не қалды, тәйірі?» деуге асықпаңыз. Сүтті бөліп-жарып айтуға себеп көп. Облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының мәліметтеріне қарағанда, сүт өнімдеріне деген қажеттіліктің бар болғаны 15,6%-ін ғана өзіміз өндіреміз. Өзіміз дегенде алдымен ауызға ілінетіні – «РЗА» АҚ-ның сүт және сүт өнімдері.

Қазалы аудандық ауыл шаруашылығы бөлімі берген мәліметтерге қарағанда, сүт зауытында 2,5%, 3,2%, 6% пастерленген, ультрапастерленген сүт, айран, қаймақ, ірімшік, сары май, йогурт, т.б өнімдер шығарылады. Алдағы уақытта балмұздақ, ряженка мен айранның басқа түрлі өнімдерін шығару жоспарлануда. Былтыр зауытта барлығы 6641 тонна сүт өнімдері өңделді.

Акционерлік қоғамның президенті Самұрат Имандосов ағамызбен хабарласқанымызда, сүттің бұрынғы бағасын ұстап тұруға жем-шөпке бөлінген субсидия септігін тигізгенін айтты.

– Субсидия болмаса, сүт бағасы сауда нүктесіне жеткенше 2 есе қымбаттаған болар еді. Сауын сиырға тиісті рационын бермесе болмайды. Бұл рационға шөп, жоңышқа, арпа, бидай, сұлы сияқты 25 түрлі азық кіреді. Тіпті қантқа дейін қосылуы керек. Сүт алу үшін мал ағзасы осылай толықтырылуы тиіс, – дейді ол.

Мұндайда «өңір халқын сүт және сүт өнімдерімен толық қамтамасыз ету үшін не істеу керек?» деген сұрақ туындайды.

– Кем дегенде 5-6 сүт-тауарлы ферма керек. Қолдағы барды кеңейту де нәтижелі болар еді, – деді С.Имандосов.

## Бейнеттің зейнеті бар

Қорасында 7 сиыр ұстап отырған Сырдария ауданы Қоғалыкөл ауылының

1-бет

тұрғыны Махаббат Кенжеғұловамен де сөйлестік.

– Әрқайсынан 5-7 литр аралығында сүт шығады. Жетеуі күніге бір жарым қап жем, 3 жоңышқа пресс жейді. Жоңышқа бағасы орта есеппен 550-600, жемнің қабы 2500 теңге. Одан бөлек, наубайханалардан 50 теңгеден қатқан нан аламыз.

Мал басын арттырсам деген талаппен бастап едік, бұзауы пайдаға қалады. Айына 50-60 мың теңге айлық тауып отырмын, үйдің керек-жарағы мен балалардың ішіп-жеміне жарап тұр, – дейді ол.

Махаббат сүттің литрін 300, құрттың келісін 3500 теңгеден, қатықты 350 теңгеден тұрақты тұтынушыларына өткізеді. Қалаға әкеліп, үйді-үйге жеткізіп береді. Ауылдағыларға құрт 3000, сүт 250 теңгеден.

– Өріске шығару қиын. Ұры-қары көп. Оңай олжа іздегендерден қорып, жыл он екі ай қорада ұстаймыз. Бір жағынан бордақыда тұрған есепте, суалған соң сойысқа жіберіп, орнына басқа сиыр әкелеміз.

Мал асыраған адамға не жем, не шөп өзінен шықпаса қиын. Отағасы ауылдағы жерін алып, 25 гектар жерге көктемде жоңышқа ектік. Шөп бағасы биыл түсті. Былтыр 1000 теңге еді.

Бұрын күріштің қабығы ешкімге керек болмай шашылып жататын. Қазір ірі зауыттар оны да жемге қосып тартып жіберетін болды. Салдарынан жемнің құнары азайды. Бұрын үш бақыраш еді, қазір төрт-бес бақыраш береміз. Бағасы қымбат, құнары төмен. Құнарын арттыру үшін түрлі препараттар аламыз. Сосын аурулардың алдын алып вакцина егеміз. Сүттің бағасын өсіргеніміз жоқ, бір жылдан бері осы баға, – дейді Махаббат.

## Инновациялар іске асса...

Шиелі ауданындағы «Ару Ана» сүт өңдеу кәсіпорнының директоры, технологі, облыстық мәслихат депутаты Баян Дүйсенбек сүт пен сүт өнімдері бағасының қымбаттап бара жатқанын айтты.

– Пастерленген сүт тоңазытқышты қажет етпейді, яғни тасымалға қолайлы. Бізге де өнімдерімізді ұзаққа сақтау үшін ультрапастеризилизатор керек. Ол – бірнеше тонна өнім өңдейтін зауыттарға арналған құрылғы. Біздің кішкентай зауыттарға тиімсіз, бағасы қымбат. Шағын зауыттар оны сатып ала алмайды. Қазір технолог мамандар 1 тонна сүтке арналған кіші ультрапастеризилизатор аппаратын жасауды біледі. Тек қаржы керек.

Тағы бір жоба жүзеге асырылса... Ол – жылжымалы сүт зауыты. Бұл машинаның ішінде арнайы мұздатқышы, сүт өңдейтін құрылғысы болады. Оны әр ауданға орналастыратын болсақ, біріншіден сүт жиналар еді. Халық ақшасын алады. Жиналған сүтті сол жерде бірден өңдеп, тұрғындарға қатық, айран, сүзбе етіп сатуға болады. Жоба бар, тек қаржыға тіреледі. Бұған біздің технолог мамандардың сауаты жетеді. Өнім сапасына жауап береміз.

Сиыр сүтін ұқсату – бейнеті көп жұмыс. Егер машина жинап алып кетіп тұрса, халықта мал ұстауға деген қызығушылық оянады. Бір анығы – адамның тамаққа деген сұранысы ешқашан толастамайтыны. Тамақ өнеркәсібіне салынған инвестиция өз-өзін ақтайды.

«Ару Ана» кәсіпорны сиыр, түйе сүтін өңдеп, халыққа түрлі өнімдер ұсынып отырмыз. Ашытқыны Италиядан алдыратын едік. Қазір Қазақ Ұлттық аграрлық университетімен бірігіп, өзіміздің ашытқыны жасадық. Түйе сүтінен бұрын тек шұбат ашытатын болсақ, қазір балмұздағымыз бар, өнімді патенттедік. Бұл жобаны түйені көп өсіретін Аралда іске асыруға әбден болады.

Цехты ашқан кезде бізде мал жоқ еді. «Төрт түлік» кооперативін құрып, оған кіргендер сауған сүтін өткізді. Оны өңдеп халыққа таза өнім ұсындық. Жұмыс әрі қарай жүретініне көз жеткізгеннен кейін ғана мал басын көбейттік. Кооператив мүшелеріне жеңілдікпен несие алып беруге көмектесеміз.

Өзім университетте оқып жүргенде мал ауруларын зерттедім. Аусыл, туберкулез, мастит ауруларын анықтау үшін иммунохромотологиялық тест жасап шығардық. Тест арқылы мал қаны зерттеледі, 15-20 минутта қорытындысы шығады. Халыққа сапалы өнім ұсыну үшін малды тұрақты түрде осылай бақылаудан өткізіп тұру керек. Сүт өндірісі – бейнетіне қоса жауапкершілігі де жоғары жұмыс.

Тағы бір инновациялық жоба туралы айтсам, қазір дүкендердегі су алатын аппараттарға көз үйренді. Осы сияқты супермаркеттерге, дүкендерге молокоматтар орнату керек. Бұл – толық автоматтандырылған, ішінде жуатын, мұздататын құрылғысы бар аппарат. Сүт азайғанда телефонға хабарлама келеді, барып толтыруға болады. Тұтынушы ақшасын салып, қалаған мөлшерін өз ыдысына құйып алады.

Молокомат сүт бағасын арзандатуға септігін тигізеді. Мәселен, сүт бағасына ыдысы, қақпағы, жапсырмасының құны қосылады. Егер молокоматтар қойылса баға 25-30 процентке дейін арзандар еді. Бір жағынан шашылып жататын сүт ыдысынан экологияға келетін зиян азаяды.

Мұндай молокоматтарды біз бірігіп жұмыс істейтін Екатеринбургтан алдыруға болады. Алдымен сынақ ретінде бір-екеуін орнатып халықты үйретсек, әрі қарай көбейтуге болады. Бұған әрине, қаражат керек.

Әу бастағы мақсат «сүт бағасын тұрақтандыру үшін не істеу керек?» деген сауалға жауап іздеу еді. Біріншіден, мемлекет тарапынан қолдау керек, өйткені мал азығының бағасы бой бермей барады. Кезінде екі сиыр туралы әңгімені күлкіге айналдырып едік. Қолға мал ұстап, сүтін ұқсату нәсіпті кәсіп екеніне көзіміз жетті. Инновацияларды қабылдап, жүзеге асыру да істі ілгерілететіні байқалады. Бастысы ағарған бар жерде береке болатынын есте ұстайық.

# Бақұл бол, ардақты әріптес



Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің «Дәстүрлі музыка өнері және хореография» кафедрасының ардагер ұстазы, академиялық профессор Раушанбек Салманов дүниеден озды.

Раушанбек Салманұлы 1949 жылдың 29 шілдесінде Жалағаш ауданы, Калинин атындағы колхозда (қазіргі Бұқарбай батыр атындағы кеңшар) дүниеге келген. 1979 жылы Н.В.Гоголь атындағы Қызылорда педагогикалық институты «Музыка және педагогика» факультетінің «Хор дирижерлау» кафедрасына меңгеруші болып тағайындалды.

Раушанбек Салманұлы Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінде 40 жылдан астам уақыт еңбек етіп, шәкірттерін білім нәрімен сусындатты. Ұстаздың шәкірттері арасында Қазақстанға еңбек сіңірген артистер Мәдина Ералиева, Қаракөз Ақдәулетова, Күлән Қалымбетова, п.ғ.к., профессор Сараш Қоңырбаева және көптеген халықаралық, республикалық конкурстың лауреаттары, білім беру ісінің үздіктері, жоғары дәрежелі педагогтар бар.

Қажырлы еңбегінің арқасында 30-дан астам ғылыми еңбек, оқу-әдістемелік құралдар, аудио және фонохрестоматиялар жарық көрді. Академиялық профессор Раушанбек Салманұлы республика көлемінде бірінші болып музыка пәндерін электронды жүйе арқылы оқыту әдістемесін ұсынды.

Әріптесіміздің университеттегі атқарған еңбегі ескерусіз қалмай, Білім және ғылым министрлігінің «Білім беру ісінің үздігі» төсбелгісімен, республика және облыстық деңгейдегі алғыс хаттармен марапатталған.

Раушанбек Салманұлы білім саласында ғана емес, отбасылық өмірде де шаңырағының тірегі бола білді. Отбасында зайыбымен бірге 2 ұл, 1 қыз тәрбиелеп, немере сүйді.

Кәсіби білікті маман даярлау ісіне өлшеусіз үлес қосып, шәкірттеріне сапалы білім берген әріптесіміздің жарқын бейнесі жадымызда мәңгі сақталады.

**Қорқыт ата атындағы
Қызылорда университетінің
ұжымы**

## Жарамсыз деп есептелсін

«ADAL» Саяси Партиясы» қоғамдық бірлестігінің Қызылорда облыстық филиалы (БСН: 031141018821) Ережесінің (мемлекеттік және орыс тілінде) түпнұсқасы жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

# Өңірлік кеңес төрағасы сайланды

**Облыстық кәсіпкерлер палатасы өңірлік кеңесінің кезекті отырысы өтті. Онда кеңес мүшелерінің көпшілік дауысымен кеңес төрағасы болып «РАИМ» ЖШС құрылтайшысы Ерлан Раимов сайланды.**

Ерлан Раимов 1965 жылы Қызылорда қаласында дүниеге келген. 1989 жылы Қызылорда педагогикалық институтын дене шынықтыру мұғалімі, 2001 жылы Қазақ мемлекеттік заң академиясын заңгер мамандығы бойынша бітірген.

Кәсіби еңбек жолын қарапайым жұмысшы болып бастап, бірнеше мекемеде тәжірибеден өткен. Ал 1992 жылдан бері жеке кәсіппен айналысуды қолға алды. Одан кейін әр жылдары Туристік және экскурсиялық бюро директорының коммерциялық сұрақтар бойынша орынбасары, «Қыз Жібек» кафе-барының директоры лауазымдарында жұмыс істеген. 1997 жылы «РАИМ» ЖШС-ын құрып, осы күнге дейін мекеменің құрылтайшысы әрі жетекшісі қызметін абыройлы атқарып келеді.

Ерлан Раимов кәсіппен қатар соңғы 25 жылда қоғамдық жұмыстарға да белсенді атсалысуда. Атап айтқанда, Қызылорда кәсіпкерлері қауымдастығының төрағасы, Үкімет жанындағы шағын және орта бизнес комиссиясының мүшесі, Қазақстан кәсіпкерлері форумының өңірлік өкілі, Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттігінің облыс бойынша тәртіптік кеңес мүшесі, қалалық мәслихат депутаты, «Атамекен» ҰКП шағын және орта бизнесті дамыту комитетінің мүшесі, өңірлік кеңес мүшесі болып кәсіпкерлік саласының дамуына үлес қосып жүр.

Саладағы еңбегі үшін бірнеше рет «Жылдың үздік кәсіпкері» номинациясымен, мемлекеттік «Шапағат» медалімен, түрлі жоғары деңгейдегі медальдармен, облыс, қала басшыларының, өзге де ұйымдардың Құрмет грамотасы және Алғыс хаттарымен марапатталған.

**«СБ» ақпарат**

# Шілденің шайына келіңіз

Әуелде қырық күндік мезгіл ретінде айтылып, кейін отыз күндік ай ретінде қолданылып, қалыптасып кеткен шілдені қазақ «ұлы шілде», «кіші шілде» деп екіге бөледі. Есепшілердің айтуынша, жаздың ыстығы мен қыстың суығы қырық күндік уақытпен есептеледі. Халық астрономиясында «қырық күн шілде» дейтіні сол.

Жазғы шілде 25 маусым мен 5 тамыз арасындағы жаздың ең ыстық қырық күні болса, қысқы шілде 25 желтоқсан мен 5 ақпан аралығын құрайды. Бұл табиғат құбылыстары Үркердің жерге енуі мен тас төбеде шақырайып тұру уақытымен пара-пар есептелген. Алайда, шілде сөзі қыстың емес, жаздың екінші айын атауға негіз болған. Қазақтар үшін қыстың ызғарынан гөрі, жаздың ыстығына төзу шыдамдылық сипаты секілді. «Қырқына шыдап, қырық біріне шыдамайсың ба?» деудің сыры осында.

Негізі шілде – табиғат үшін тамаша ай. Құстардың көбейетін, егіннің балбырап пісетін шағы. Құдай «Алаштың анасына» үйіп-төгіп берген. Дәл осындай ыстық өзге өңірде болмайды, болмаған соң жер мен күнді тел еметін тәтті жеміс өсіре алмайды. Ал, Сырда өсетін мұндай жемістің – қауын, қарбыз, шие, өрік, қияр, қызанақ (тізімді толтыра беріңіз) адам ағзасына қаншалықты пайдалы екенін, тіпті оның қырық ауруға шипа беретінін білімді дәрігерлер айтсын. Ыстық ауа – жел-құздың да емі.

Ауа-райының қосу 40 градустан жоғары деңгейі адам ағзасына ыстық су ішкендей әсер береді екен.

Шығыс ілімі бойынша, мәңгілік жастықтың құпиясы нақ ыстық суда сақталған. Бұл – қайнап басылған су емес, дәл 40-45 градус температурадағы су. Тибет дәрігерлері ашқарынға ішілген бір кесе ыстық су адамның өмір жасын ұзартады деп тұжырым жасаған. Оның себебін ыстық су түн ішінде жиналған асқазандағы зиянды микробтарды өлтіреді деп түсіндірген. Сондай-ақ, бұл бас сақинасынан, қан қысымының жоғарылауынан, қаназдықтан, семіздіктен, буындардың қабынуынан айықтыратын тәсіл болса керек. Мұны айтып отырған Тибет медицинасының бүкіл әлемде мойындалғанын бәріміз білеміз. Осыны маңдайға алған қытайлар дәмханаларда тамаққа тапсырыс әкелместен бұрын бір кесе ыстық су ішуге дағдыланыпты. Ал, Құдай бізге бұл нығыметті жаз ыстығы мен европалықтар сияқты салқын сусын іше бермей, ыстық шайға құмарландыру арқылы өзі беріп тұр.

Қазір түскі астың кезі, ыстық шай болмаса етке тәбет жоқ.

**1-бет**



# ЖОЛ ҮСТІНДЕ ЖОМАРТ ОТЫРАР

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

**Бізден заманы бөлек Сәдір атамыздың әпсанасы халық аузында қалған өнегелі сөз. Сәдір кім еді? Ол кісінің елге жаққан қызметін айтып, еске түсіру үшін әңгімені әкесінен бастайық.**

Sb **Дүйсенбек АЯШҰЛЫ, «Сыр бойы»**




Сәдірдің әкесі Көбек шамамен 1835 жылдары Сырдың бойында Хиуа бегі Бабажан билік еткен тұста өмірге келген.

1842 жылы Кіші жүз батырлары Жанқожа мен Ақтан батыр бірігіп, Бабажанның бетін қайтарғаны тарихтан мәлім. Мұнан кейін Сыр бойына Орынбор генерал-губернаторы В.А.Обручевтің, Самара генерал-губернаторы В.А.Перовскийдің көз тіге бастауынан Кіші жүз рулары қоныстанған Арал-Қазалы аймағында әлсін-әлсін дүрбелең туып отырған.

1860 жылы Жанқожа батыр қайтыс болады. Міне, осы тұста Арқа мен Сырдың оңтүстігінен ержүрек жігіттер атқа қонып, өктемдік еткен өзбектің, қонысын кеңейтпек болған қарақалпаққа қоса түркімен барымташыларының да басымсынуына қарсы тұрған Кіші жүз ағайындармен тізе қосқан.

Сол кезде Қыпшақтың Көкмұрын аталығынан шыққан жас Көбек те ежелгі Жанкент жерінен жауларды түре қуған батырлар қатарында болған. Сөйтіп, ол Кіші жүз руынан қыз алып, Қазалы жерінде тұрақтап қалған. Сол некеден Сәдір, Қадір атты екі ұлы дүниеге келген. Алайда, Көбек кезекті бір жорық үстінде қаза табады.

Жергілікті ел Қыпшақ Көбектің батырлығына риза болып, ол қайтыс болған жерді «Көбек» деп атап кетіпті. Қазіргі Қазалы ауданындағы «Көбек» аталатын теміржол бекеті сол Көбектің аты еді дейді көнекөздер. Дегенмен, ол «Көбек» Төрткараның Жалаң аталығынан шыққан Көбек батырдың аты деушілер де бар. Ақиқатын дендеп зерттеушілер айта жатар. Біздің білетініміз халықтың өзі сыйлап, құрметтеген адамның мәңгі есте қалдыруды ойлайтыны анық.

Ері қайтыс болған соң ақылды анамыз «ендігі күнімді сендерге арнадым» деп екі баласының өз ататегінің ортасында өсуін ойлап, Көбектің туған жері, қазіргі Қызылордадан шығысқа қарай 25 шақырым жердегі Бірқазан маңындағы Қыпшақтар ішіне кету ойымен бір керуенге ілескен. Алайда, тағдыр тәлкегі бұл екі баланың тұз-дәмін өзбек жерінен бұйыртыпты. Керуен тағдыр екі баласымен ерген келіншекті өзбек жеріне бірге алып кетсе керек.

Сәдір жеті жасында-ақ ұсталық үйренген. Үйренейін деп үйренбеген, түсінде ақ сақалды шал оның қолына төс пен балға ұстатыпты деген әңгіме бүгінгі ұрпақтарына жеткен. Сөйтіп, Сәдір бала күнінен ауылдың көрік басып, құрал-сайман соғатын ұсталарының қасында жүрген. Ал, Ташкентке барған соң егіншілікті, диқаншылықты меңгеріпті.

Сәдір жасы жиырмадан асқанда анасымен бірге елге қайта келеді, Қадір сол жақта қайтыс болған. Ол келген соң малы көптермен бірге ілесіп жайлау мен қыстауға көшіп-қонып жүретін жалпы жұртты отырықшылыққа үндеді. Егін егіп, диқанға керекті – кетпен, күрек, орақ, соқа секілді саймандарды өзі соқты. Мыңғырған малдылар енді отырықшы диқандарға тәуелді болды. Олардан астық пен көкөніс сатып алды. Сөйтіп, малшы, жалшы болып жүргендер де қоңданды.

Бұл – Сәдірдің туған еліне жасаған бірінші қызметі. Әкесі ел қорғаған батыр еді, баласы да елшіл азамат болды.

Сәдір 1910 жылдары Сырды көктеп өтетін әйгілі Жібек жолы бойынан сарай салып, сол тұстан жолаушылаған керуеншілерге қызмет жасаған. Қазіргі «Сәдір сарайы» аталатын орын – осы. Ол Қызылордадан солтүстік шығыс бағытымен Жезқазғанға қарай шығатын тас жол бойындағы 35-ші шақырымда тұр.

Сәдір бала күнінде жүрген ескі Жанкенттен Ақмешітке дейінгі керуеншілер жолын жақсы білгендіктен өзінің қызмет көрсету үшін тұрғызған сарайын Ақмешіттің ішінен емес, одан 35 шақырым сырттан салған. Демек, біраз деректерде айтылып жүргендей емес, Жібек жолы қазіргі Қызылорданы сырт айналып өткенді-ді. Мұны осы Сәдір соққан сарайдан анық аңғаруға болады.

Ал, Сәдір сарайы қандай еді?

Сәдір сарайы қам кесектен тұрғызылып, төбесі қыр арқа етіп көтерілген. Он екі терезесі, екі кірер есігі болған. Ішіне 60-70 адам еркін сыйған. Оның айналасынан бірнеше құдық қазылып, тал-терек егіліп, көлеңкелі алқап жасалған. Сарай маңындағы үлкен жем-шөп қорасында арнайы сарай қызметшілері жолаушылар тамақтанып, дем алғанда олардың ат-көліктерін жемдеп, суарып, суытқан.

Ол негізінен Жібек жолымен жүруші керуеншілер болсын, мейлі, басқа жолаушылар болсын, олардың өз сарайында қона жатып, ат-көлігін тынықтыруға жағдай жасаған. Қазіргі тілмен айтсақ, жолаушыларға сервистік қызмет көрсеткен. Бұл үшін ол кесіп ақы алмаған. Жолаушылар тынығып, ас жеген ақыларын өздері кейде ақшалай, кейде малдай беріп кетіп отырған. Тіпті сол жерге қона жатып кететін ұры-қарылардың өзі Сәдірдің пейіліне риза болып, ақы төлейтін болған. Осы дүниелерді Сәдір жетім-жесірлерге жұмсаған.

«Сәдір сарайының» даңқы осылай артқан.

Кеңес үкіметі орнаған кезде «Сәдір сарайы» колхоз болған. Өйткені Сәдірдің маңына қоныстанушылар көп еді. Сол колхозда мектеп, дәрігерлік пункт, пошта үйі жұмыс істеген.

1938 жылы «Сәдір сарайы» таратылып, бөлініп-бөлініп, Сұлутөбенің маңындағы «Құмсуат», «Ким», «Бірлестік» колхоздарына қосылған. Бұл колхоздар 1950 жылы тағы біріктіріліп, Қазақстанның 30 жылдығы атындағы колхоз, сосын совхоз болған.

Осылайша, елінің болашағына баспалдақ саламын деп терін төгіп, өмірін сарп еткен Сәдір Көбекұлы деген азамат дүниеден өткен.

2009 жылы Сәдір сарайының тарихи орнына белгілі кәсіпкер Бағылан Манарбаев күмбезді белгі орнатып, жерін суландырып, қасиетті өлкеде отырып мал бағамын деген адамға үй салып берді.

Бұл есімдерді келер ұрпақтың қастерлеп өтері анық. Себебі, сөзімізге арқау болған екі тұлға да туған жер топырағына киесін қалдырған аталарымыз еді.

ҚҰҚЫҚ ҚҰРЫҒЫ

## Ірі мөлшерде есірткі еккен

**«Қарасора-2022» жедел-профилактикалық іс-шарасы кезінде қызылордалық полицейлер 4116 түп сора өсімдігін еккен тұрғынды ұстады.**

37 жастағы жұмыссыз қала тұрғыны Шиелі ауданына қарасты Жуантөбе ауылынан 45 шақырым жердегі шеңгел мен сексеуіл арасында сора өсімдігін өсірген. Полицейлер оқиға орнынан ірі есірткі алқабынан бөлек арнайы кептірілген марихуана, заң бұзушының жеке заттарын, азық-түлік, сора өсіруге арналған арнайы жабдықтар: 2 дана насос, палатка, мотор, 20 метрлік шланга, күрек, кетпен тәркіледі.

4116 түп көлемінде тәркіленген сора өсімдігінің жалпы салмағы 34 келі, ал кептірілген марихуана 696 грамм болып шықты. Күдікті Шиелі аудандық полиция бөлімінің уақытша ұстау изоляторына қамауға алынды.

## Қонақ үйдегі ұрлық

**Қонақ үй администраторы ұрлық болғанын байқап, полиция басқармасына хабар берген. Белгісіз біреу кассада тұрған 150 мың теңге мен телефонды ұрлаған.**

Жүргізілген жедел-іздестіру жұмыстарының нәтижесінде тәртіп сақшылары ізін суытпай күдіктіні анықтады. Ол 51 жастағы еш жерде жұмыста жоқ қала тұрғыны болып шықты. Күдіктіге қатысты ІІО-ға келу туралы міндеттеме алынды.

## Үптеп кеткен көрінеді

**15 шілде күні қалалық полиция басқармасына қала тұрғыны арызданып, бала күтушісі үйін үптеп кеткенін көрсеткен. Азаматшаның айтуынша, бала күтушісі үйінен алтын бұйымдар, оның ішінде сақина, алқа кулонымен және шаш кептіретін фен, киім-кешектерін ұрлаған.**

Полиция қызметкерлерінің шұғыл әрекеттері нәтижесінде 24 жастағы күдікті азаматша ұсталып, басқармаға жеткізілді.

## Қос азаматтық анықталды

**ҚР Конституциясына сәйкес елде қос азаматтыққа жол берілмейді. «ҚР Азаматтығы туралы» Заңына сәйкес, басқа мемлекеттің азаматтығын алған жағдайда күнтізбелік 30 күн ішінде тиісті мекемеге хабарлау қажет.**

Дегенмен, ҚР ІІМ Байқоңыр қаласындағы өкілдігі көші-қон қызметінің қызметкерлері құжаттарды тексеру кезінде белгіленген мерзімде Ресей Федерациясының азаматтығын алғаны туралы хабарламаған Байқоңыр қаласының 26 жастағы тұрғынын анықтады. Одан жеке куәлігі мен паспорты алынып, азаматтығынан айыру тіркелді. Тәртіп бұзушыға айыппұл салынды.

Дайындаған:
**Шынар БЕКБАН, «Сыр бойы»**

ДЗЮДО

## Азия чемпионатында топ жарды



**Тайланд елінің Бангкок қаласынан сүйінші жаңалық жетті. Дзюдодан өтіп жатқан Азия чемпионатында қызылордалық Акбар Алтай (73 кг) 1-орын иеленді.**

Дина Мұханбет (57 кг) 3-орын алып, Сыр спортының даңқын тағы бір әйгіледі. Олардың жаттықтырушылары: К.Қалиұлы, Р.Бурлов, Р.Мұстафаев, С.Жүсіпбекова, Ж.Аманкелді.

АУЫР АТЛЕТИКА

## Қанжығада – қола жүлде



**Ауыр атлетикада Сырдың даңқына ешкім сына қаға алмайды. Ильия Ильиннің ізбасарлары небір айтулы жарыстарда топ жарып жүр.**

Соның бір айғағындай, 20 жасқа дейінгі жастар арасындағы Азия чемпионатында жерлесіміз Азамат Төлеген жүлде алды. 15-25 шілде аралығында Өзбекстанның Ташкент қаласында өткізіліп жатқан чемпионатта Сыр спортшысы қола жүлдені қанжығасына байлады.

Азамат Төлеген (61 кг) серпе көтеруде 150, жұлқа көтеруде 112, қоссайыс нәтижесімен 262 келі зілтемірді бағындырды. Осылайша ол ХДСШ (Халықаралық дәрежедегі спорт шебері) нормативін орындады.

ТІЛЕКТЕСТІК

## «Қазақстан барысына» құрмет

**«Қазақстан барысының» биылғы жеңімпазы, жерлесіміз, Мақсат Исағабыловқа «Қайсар» футбол клубы құрмет көрсетіп, қошеметке бөледі.**

Команданың кешкі жаттығуында футболшылар даңқты балуанмен жүздесіп, мәртебелі жеңісімен құттықтады.

– Сыр өңірі талантты спортшыларды түлетуде озық дәстүрге ие. Мақсат – соның бір дәлелі. Әр аймақтың ең үздік балуандары сынға түскен турнирде мақтанышымыз намысты қолдан бермей, жеңіс сыйлады. Мақсаттың бұл жеңісі одан әрі жалғасын тауып, «Әлем барысын» бағындыратынына сеніміміз мол. «Қайсар» футбол клубы әрдайым тілектестік білдіреді, – деді клуб директоры Садық Мұстафаев.

Кездесу барысында Мақсатқа «Қайсардың» 12 нөмірлі жейдесі мен естелік сыйлықтар табысталды.

www.facebook.com/syrboyi.kz/ https://twitter.com/syrboyi www.instagram.com/syrboyi_kz

Меншік иесі
СЫР МЕДИА
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
**Аманжол ОҢҒАРБАЕВ**
қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)

БАС РЕДАКТОР
**Қуат ШАРАБИДИНОВ**
қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

**Бөлімдер:**
руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)
экономика – 40-11-10 (1038, 1033)
әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)
жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38
компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
«АҚ» - ақылы қызмет.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген.
Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.
Тел.: 8/7242/ 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Редакция мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4 "А". e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz Таралымы 24242 Тапсырыс №1149 Кезекші редактор **Шынар БЕКБАН**